

«№5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ

ппкҚ-дің шешімімен қабылданды

Хаттама № 9

«15» 09 20 23 ж

«Бекітемін» 

«№5 ЖББОМ» КММ директорының м.а.:

К.А.Айтмағанбетова



**Ерекше білімді қажет ететін 1 «Ә» класс оқушысы
Шынболат Омарға арналған логопедтің
түзете-дамыту сабақтарының
жеке күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Мұғалім: Сакиева Л.А.

Сағат саны: 1

Түсінік хат.

Зерде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері. Сөйлеу – қарым-қатынас құралы. Сөйлеу арқылы адам қоршаған әлемді таниды, қарым-қатынас жасайды, пікір алмасады. Зерде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің дамуының өзіндік ерекшелігі бар. Бұл балаларда сөйлеу тілі анағұрлым кеш қалыптасады және сөйлеу тілінің барлық компоненттерінде (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) бұзылыстар болады. Зерде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілін зерттеген көптеген ғалымдар сөйлеу тілінің кеш қалыптасуының себебін, танымдық қызметінің дұрыс дамымауымен байланыстырады. Таным қызметінің бұзылысы тілдің семантикалық және грамматикалық құрылымын меңгеруде қиындықтар туғызады. Ақыл-ой дамуының артта қалуы, қоршаған орта туралы түсініктері мен білімдерінің аздығы, қызығушылықтарының жоқтығы және тілдік қарым-қатынасқа деген қажеттіліктерінің төмендігі – зерде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық құрылымындағы бұзылыстарға негіз болады.

Бірінші сынып оқушылары күнделікті қолданатын заттарының аттарын, оның бөлшектерінің атауларын білмейді. Сөйлеу тілі негізінен зат есімдерден құралады. Жалпы есімдер (ойыншықтар, жиһаздар, аяқ киімдер), сын есімдер: түстер (қызыл, жасыл, көк), көлем (үлкен, кішкене), дәм (тәтті, ащы), амоним сөздер сирек кездеседі. Белсенді сөздік қорында бір етістікті бірнеше мағынада пайдаланып, үстеулерді (астында, үстінде, алдында және т.б.) қолдануда жиі қателер жібереді. Зерде бұзылыстары бар балалар байланыстырып сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді, атаулы және аяқталмаған сөйлемдерді қолданады. Қолданған сөйлемдерінде аграмматизмдер болады, сөйлемдердегі сөздер дұрыс байланыспайды, септік және көптік жалғауларды дұрыс пайдалана алмайды, дыбыстық талдау мен жинақтауда қиналады, нәтижесінде оқу мен жазу дағдыларында түрлі қателер орын алады. Сөздік қорларының аз, қарым-қатынасқа деген қызығушылықтарының төмен болуы, өзінің айтып тұрған сөзін түсінбеуі – олардың монологтық сөйлеуді меңгеруіне жағымсыз әсерін тигізеді. Балалардың тілдік қарым-қатынас жасауы ұзақ уақыт сұрақ-жауап түрінде қалады, өз ойларын еркін жеткізулері қиындықпен қалыптасады.

Зерде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктерді түзетуде логопедиялық түзету сабақтарын жүргізу қажет. Сабақтар жеке және топтық болып ұйымдастырылады. Сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың құрылымына қарай түзету жұмысының әдіс-тәсілдері анықталып, керекті сөздік және дидактикалық материалдар іріктеледі, логопедиялық сабақтың жоспары құрылады. Жүйелі ұйымдастырылған түзету жұмыстары балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстардың алдын алады, түзетеді, олардың әлеуметтік бейімделуі мен тәуелсіз өмір сүруіне негіз болады.

Логопедтің жеке түзете-дамыту сабақтары аптасына 1 рет өткізіледі. Жеке сабақтар саны 30 сағат.

КҮТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Апта	Сабақ-тар	Түзету жұмыстарының тақырыптары мен мазмұны	Сабақта пайдаланылатын грамматикалық және лексикалық тақырыптар	Сауат ашу	Күні	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7
Қыркүйек						
I	Жалпы зерттеу жұмыстары				01.09-15.09	
II						
I кезең (диагностикалық)						
III	1	Психикалық функцияларды, танымдық белсенділікті, қабылдауды, кеңістіктік-уақыттық көріністерді, есте сақтауды, есту, визуалды есте сақтауды, ойлауды, зейінді зерттеу.Тілдік емес психикалық қызметтерді зерттеу. Оқу процесін зерттеу. Жазу процесін зерттеу. Психомоторлық дамуды, қарапайым математикалық көріністерді, эмоционалды-сауық саланың ерекшеліктерін зерттеу.			22.09 29.09	
IV	2					
II кезең (түзету)						
Қазан						
I	3	Кеңістік – уақыттық ұғымдарды бекіту	Бүгін, ертең.Таңертең, түс, кеш, түн.	Зат есімдерді жекеше және көпше түрде жіктеу	06.10	
II	4		Жыл мезгілдері.		13.10	
III	5	Кеңістік – уақыттық ұғымдарды нақтылау (дененің оң және сол жак мүшелерін дифференциациялау)	Дене мүшелері. Оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, жоғарыда, төменде, ортада-бұрышта, шамамен, карама-карсы.	Сөйлеу дыбыстары	20.10	
IV	6	Кеңістікті нақтылау(кеңістіктегі оң және сол бағыттар; объектілердің кеңістіктікте өзара қатынастары); бағыттарды графикалық түрде көрсету			27.10	
Қараша						
Демалыс						
II	7	Сөйлеу дыбыстары және тілдік емес дыбыстар	Күз, күзгі ауа-райы. Тілдік емес дыбыстар: шулы, жапырақтардың дірілдеуі, жаңбыр тамшылары.	Сөйлеу дыбыстары	10.11	
III	8	Дауысты дыбыстар, олардың артикуляциясы	Егінді жинау: көкөніс бақшасы мен жидектер (жылыжай, тұқымдар, жемістер, көкөністер).	Дауысты дыбыстар	17.11	
IV	9	Дауысты дыбыстар. Буындарда, сөздерде дауысты дыбыстарды табу	Құстар - біздің досымыз.	Қарапайым сөздер	24.11	
Желтоқсан						
I	10	Дауыссыз және дауысты дыбыстар.	Түстер, түстерді ажырату, сәйкестендіру.	Суретке карап қарапайым сөздерді атау. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану.	01.12	.
II	11	Дауыссыз дыбыстар. Сөздер мен буындарда дауыссыз дыбыстарды табу:	Дауыссыз дыбыстар мен әріптер.	Суретке карап қарапайым сөздерді айту	08.12	
III	12	- сөздің басында - сөздің аяғында	Ыдыстар (атаулары, олардың қасиеттері: пішіні, мөлшері, түсі, т.б. нені қайда дайындауға болады)		15.12	

IV	13	Дауыссыз дыбыстар. Сөздер мен буындарда дауыссыз дыбыстарды табу: - сөздің басында - сөздің аяғында	Отбасы, отбасы құрамы (отбасы мүшелерінің және жақын туыстарының атауы).	Суретке карап қарапайым сөздерді айту	22.12	
Қаңтар						
I	Демалыс					
II	14	Дауыссыз және дауысты дыбыстар.	Үй құстары, дала құстары.	Заттың түрін, сипатын атауға сөздік қорын байыту.	12.01	
III	15	Сөзді буынға бөлу, талдау	Көліктер.	Сын есімдердің салыстырмалы түрде қалыптасуы	19.01	
IV	16	Сөздерді буынға бөлу	Мектеп оқу құралдары.	Зат есімдер мен сын есімдерді қолдана отырып сөз тіркестерін құру	26.01	
Ақпан						
I	17	Сөздің буындық құрамы	Жануарлар. Үй және жабайы аңдар.	Сын есімдердің салыстырмалы түрде қалыптасуы	02.02	
II	Демалыс					
III	18	Сөздің буындық құрамы	Қыс, қысқы ойындар (шана, шаңғы, коньки, ақшақар).	Зат есімдер мен сын есімдерді қолдана отырып сөз тіркестерін құру	16.02	
IV	19	Сөздің буындық құрамы.			23.02	
Наурыз						
I	20	Сөзбен жұмыс. Заттың атауын білдіретін сөздер.	Өсімдіктер әлемі. Гүлдер.	Берілген сөздер мен суретке карап сөз тіркестерін құрау	01.03	
II	21		Көктем. Көктем ауа-райы, айлары.		08.03	мейрам
III	22				15.03	
Демалыс						
Сәуір						
I	23	Заттың сипатын айта отырып сөз тіркестерін, сөйлемді құрастыру.	Жәндіктер.	Берілген сөздер мен суретке карап қарапайым сөйлем құрау	05.04	
II	24	Әрекетті білдіретін сөздер	Теңіздер мен мұхиттардың жануарлар әлемі. Өзен және аквариум балығы.	Етістіктер.	12.04	
III	25	Сөздерді затына және әрекетіне қарай саралау.	Ас - адамның арқауы.	Бір зат есімге бірнеше етістікті таңдау қабілетін дамыту	19.04	
IV	26	Сөздерді затына және әрекетіне қарай саралау. Сұрақ-жауап.	Менің достарым.	Зат есімдерге етістіктерді, сын есімді және сан есімді таңдау	26.04	
Мамыр						
I	27	Қарапайым сөйлемдерді құрастыру.	Жаз мезгілі. жазғы ауа-райы.	Берілген сюжетті суреттерге карап сөйлемдерді құрау	03.05	
II	28	Артикуляциялық акустикалық ұқсастығы бар дыбыстарды ажырату.	Ерте көктем. Алғашқы гүлдер.	Сюжетті суретпен жұмыс	10.05	
	29		Дауыссыз дыбыстар мен әріптер		17.05	
III кезең (бағалау)						
III	30	Түзету жұмыстарының нәтижелік бағасы. Тексеру жұмыстарын қорытындылап өткізу. Оқушымен жұмыстың бағалау динамикасы. Қателердің сандық және сапалық сараптамасы. Жыл бойы жұмыс қорытындысы. Жалпы зерттеу жұмыстары.			24.05	
Барлығы: 30 сағат						